



БҰЙРЫҚ

13.10.2016 № 200

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

г.р.д. Астана

**«Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы»
акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 177-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2016 жылғы 6 қазандағы № КГИП-5-7076-КГИП-3302 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті төрағасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №271 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына қоса беріліп отырған өзгерістер бекітілсін.

2. Қоғамның Басқарма төрағасына (К. Ойшыбаев) Қоғамның Жарғысына өзгерістерге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің жауапты хатшысына (Ж.М. Қожахметов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

Министр



Д. Абаев

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2016 жылғы «13» 10 № 200
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті төрағасының
2015 жылғы 23 қарашадағы № 271 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан»
республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгерістер**

«Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Республикалық меншіктегі Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы «Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне берілген.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыра отырып, Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер ретінде мемлекеттің мүддесін білдіреді.».

**«Қазақстан» республикалық
телерадиокорпорациясы» АҚ
Басқарма төрағасы**



К. Ойшыбаев



БҰЙРЫҚ

№

Астана қаласы

ПРИКАЗ

13.10.2016 № 200

город Астана

**О внесении изменений в Устав акционерного
общества «Республиканская телерадиокорпорация «Казахстан»**

В соответствии с подпунктом 1) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах» и пунктом 2 статьи 177 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» от 1 марта 2011 года и письмом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстана от 6 октября 2016 года № КГИП-5-7076-КГИП-3302 **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемые изменения в Устав акционерного общества «Республиканская телерадиокорпорация «Казахстан» (далее – Общество), утвержденного приказом Председателя Комитета связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 271, согласно приложению к настоящему приказу.

2. Уполномочить председателя Правления Общества (Ойшыбаев К.) на подписание изменений в Устав Общества.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Ответственного секретаря Министерства информации и коммуникаций Республики Казахстан (Кожахметов Ж. М.).

4. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания и является решением Единственного акционера Общества.

Министр

Д. Абаев



Утверждены приказом
Министра информации и коммуникаций
Республики Казахстан
от «13» 10 2016 года № 200

**Изменения в Устав акционерного общества
«Республиканская телерадиокорпорация «Казахстан»,
утвержденного приказом Председателя Комитета связи, информатизации и
информации Министерства по инвестициям и развитию Республики
Казахстан от 23 ноября 2015 года № 271**

В Устав акционерного общества «Республиканская телерадиокорпорация «Казахстан» внести следующие изменения:

пункт 14 изложить в следующей редакции:

«14. Права владения и пользования государственным пакетом акций Общества, находящимся в республиканской собственности, согласно Постановлению Правительства Республики Казахстан от 16 июня 2016 года № 353 «Некоторые вопросы Министерства информации и коммуникаций Республики Казахстан» переданы уполномоченным органом по государственному имуществу Министерству информации и коммуникаций Республики Казахстан.»;

пункт 16 изложить в следующей редакции:

«16. Министерство информации и коммуникаций Республики Казахстан осуществляет права владения и пользования государственным пакетом акций Общества и является Единственным акционером Общества, представляет интересы государства как акционера по вопросам, отнесенным к компетенции общего собрания акционеров, в соответствии с законодательством Республики Казахстан.».

**Председатель Правления
АО «Республиканская
телерадиокорпорация «Казахстан»**

Ойшыбаев К.

